




ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРАЛІГІ  
І.ЖАНСУҒІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ МЕМАЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ



«Гали Орманов – майталман лирик ақын»  
республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция

## МАТЕРИАЛДАРЫ

16-17 қазан



ТАЛАДЫҚ ОРҒАН - 2015

## ҒАЛИ ОРМАНОВ МУЗАСЫ

Г.Ж. Орда

*М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының Бас ғылыми қызметкері*

Қазақ әдебиетіне жиырмасыншы ғасырдың соңғы жылдарында келген, қазақ поэзиясының қалыптасып-дамуына, өсіп-өркендеуіне ерекше үлес қосқан ақынның бірі — Ғали Орманов. Лирикалық кейіпкердің жан тебіренісі мен ой-арманын таныта білген ақынның сыршыл өлеңдері қазақ поэзиясының деңгейін көтере түеті.

Ел өміріндегі қазан төңкерісімен келген жаңалықтар, егістік және шабындық жерлерді қайта бөлу, ірі байларды тәркілеу, жұмыдастыру, жаңа экономикалық саясат (НЭП), өзгерген қала, жаңарған қала, жаңа заман адамдарының арман-мүддесі, олардың өзара қарым-қатынасы сынды іргелі мәселелер ақын шығармашылығының негізгі тақырыбына айналды. Қоғамдағы саяси өзгерістер, Ұлы Отан соғысы, шаруашылықты қалпына келтіру, халықтардың мызғымас достығы ақын шығармасынан көп орын алды. Бұл тақырыптардың барлығы дерлік сюжетке, сезімге құрылған сыршылдығымен, аз сөзді көп мағыналылығымен, бейнелілігімен Ғалидың ақындық шеберлігін танытты.

Шағын лирикалық өлеңдерімен қатар ақын эпикалық жанрға да үлес қосты. Әңгіме, өчерк жанрында да Ғали қолтаңбағы бар.

Ол орыстың, шығыстың классикалық үлгілерін аударып, қазақ әдебиетінің аударма саласында да біршама үлес қосып, ірі жұмыстарды игерді.

Әңгіме, өчерк жазып, біршама аудармамен шұғылдана да қазақ әдебиеті тарихында сыршыл лирикасымен қалды. Ғали Орманов өлеңдері өз заманының сан-салалы сырын шертеді.

Ғали Орманов 1907 жылы Талдықорған облысы, Қапал ауданы, Ешкіөлмес тауы етегінде дүниеге келген. Ол он жасында әке-шешесімен айырылып, жетім қалады да, туыскандарының қолында тәрбиеленді. Ғали бала кезінде жыршылардан өлең-жыр, қисса-дастандар үйреніп, өзінің әдебиетке құмарлығын байқатады. «Мұңлық-Зарлық», «Шәкір-Шәкірат», «Алпамыс» сияқты қисса дастандарды, «Біржан мен Сара», «Кемпірбай мен Шөже», «Бақтыбай мен Мәйке баланың» айтыстарын жаттап алып, домбыраға қосып жанын-тойларда айтып жүрген ол жастайынан жыршы бала атаналды.

1923-28 жылдары Алматыдағы қазақтың халық ағарту институтында оқиды. Институтта оқып жүргенде Ғали қазақ орыс әдебиеттерінің үлгілерімен танысады.

1925 жылдан бастап оқушылардың қабырға газетіне, 1927-28 жж. өлкелік газетте өлеңдер жазады. Осы жылдары «Тілші» газетінде «Ешкіөлмес», «Қора», «Оқушыларға», «Диханбайға» сияқты өлеңдері басылады. Осы өлеңдерінде Ғали ақындық талантын біршама танытып үлгерелі.

1929-30 жылдары Іле ауданы оқу бөлімінің меңгерушісі болып істен жүрген кезінде оның өлеңдері «Еңбекші қазақ» газеті мен «Әйел теңдігі» журналында жиі жарияланып, көп ұзамай-ақ республикадағы белгілі ақындардың санатына кіреді.

1930 жылы май айында Түркістан-Сібір темір жолы салынып бітті. Бұл бүкіл Кеңес елі, соның ішінде қазақ елінің тарихындағы ірі табыс болатын. Осы мерекеге пашу ретінде Ғали ақын «Шенбер» атты ұзақ өлеңін жазды.

Абай атындағы педагогика институтын бітірген соң ол біраз жыл мұғалім болып істейді. Одан кейін «Социалистік Қазақстан» газетінің редакциясында журналистік қызмет істейді. 1938 жылдан 1945 жылға дейін ақын Жамбыл Жабаевтің әдеби хатшысы болды.

Ұлы Отан соғысы жылдары «Майдан» деген альманахтың редакторы, кейін «Әдебиет және искусство» журналының жауапты редакторы, қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасында Бас редактор. Қазақстан Жазушылар одағының хатшысы қызметін атқарып жүріп, шығармашылық саласында өнімді еңбек етті.

1934 жылы Ғалидың екі кітабы «Шебер» деген атпен 1927-1933 жылдар арасында жазған өлеңдерінің жинағы, «Шәуілдір» поэмасы басылды. 1935 жылы «Көгерме» деген атпен әңгімелер мен очерктерінің жинағы жарық көрді. 1936 жылы «Абысын сыры» жинағы, Мопасаннан аударған қысқа әңгімелерінің жинағы басылып шықты.

1943-44 жылдары Ғали Орманов мәдениет пен өнер қызметкерлері тобында майданға барып қайтады. Ұлы Отан соғысы кезінде жазған өлеңдерін 1941 жылы «Халық-қаһарман», 1944 жылы «Емен» атты өлеңдер мен поэмалар жинағы түрінде ұсынады. «Өмір дастаны» (1948), «Бөбек жүреті» (1949) атты жинағы мен қатар ақынның шұрайлы өлеңдері оның 1950, 1957, 1976, 1982, 1984 жылдары шыққан «Таңдамалы шығармалар» жинақтарына енді.

Ғали Орманов – үздіксіз жазып, өнімді еңбек еткен ақын. Оның таңдамалы шығармалары қазақ әдебиеті тарихында көрнекті орынға ие.

Ғали ақын шығармашылық қызметін бастаған жиырмаесінші жылдар ел өміріндегі ірілі-ұсақты оқиғаларға толы болатын. Ірі байларды тәркілеу, ұжымдық шаруашылықты ұйымдастыру, ауыл шаруашылығын, соның ішінде мал шаруашылығы мен егін шаруашылығын өркендетуге ұмтылу, ірі өндіріс орындарының іске қосылуы, алғашқы бесжылдықтың орындалуы сынды іргелі мәселелерді қоғам дамуы алға қойды. Әдебиет те бұл тақырыптардан бетін аулақ сала алмады. Ғали да осыларға қосылып, әр алуан жайларға көңіл аударды, сол негізде елінің кешегісі мен бүгінгісін, өзгерген жаңарған өмірді, замандастарының тұрмыс-тіршілігін жырға қосты. Заман талабына сәйкес ол да кедейлерді алға ұстап, оның теңдік алуын құптады, қанаушыларды жиіркенішінен еске алды. «Есіркептің естегісі» өлеңінде кешегісін ойлай отырып Есіркеп кедей әкесінің өмірін еске түсіреді. Тақыр кедей өзі кеткенде арты тып-типыл болып қалған. Бір төмпешік болған қабірінің өзін жел үріп, сел жуып кеткен.

Саулырап тұр сағанак,

Құс түткендей туырлық.

Жоқшылық жүр жағалап

Түрі суық, бір сұмдық... – деп, әке артында қалған лирикалық кейіпкер жоқшылықтың, жетімдіктің тақсиретін тартып өседі. Ақынның «Қыр сабағы», «Боран күні» сияқты туындыларында да кедей адамның тіршілігіне аяушылық білдіру басым. Қыстың боранды күндерінде етінің жыртығынан шұлғаы шығып, қарға омбылап қой соңында жүрген қойшы бала көктемнің шуақты, жаздың аттап ыстығында да өз міндетін орындап жүргенін көрсетіміз. Арқадан Сырға жалғасқан қоштң күйін жыр ететін «Қоштер күйі», «Қиын жол», өлеңдерінде дәулетті көш пен қарақұрым көш салыстыра суреттеледі. «Ескілік суреті», «Екідүай» өлеңдерінде ақын жарлы мен байдың арасы қашан да аспан мен жердей ашпақ болатынын, сырт көзге тату достай көрінгенмен, іштей қатысып жататындықтан олардың мәңгі қосыла алмайтындығын көрсеткен. Қараша үйлердің жел соқса құлап кететіндей жабырқау, жұпыны күйіне жаны күйзелген ақын осынша қорлыққа үйренген елге таң қалады. Ескінің жұрнағындай болған сол бір күйден құтылу үшін тірлік жасамай, бұйығы күйде, күшінің өткеніне тәубе еткен елге жаны ашығандық білдіреді. Ақын өлеңдерінің лирикалық кейіпкері осы ортадан өсіп шығады.

Ол - ізденіс пен еңбектің адамы. «Ұяда» өлеңінде:

Өзімді байлап арқанға,

Ұяға батып мен түстім

Сабапақ бұршақ арқама

Дауылмен ойлап бұлт құлтым – деп, ол шанышпа біткен зенір құздың басына қыран балапанын алуға шығады. «Асылған ұядағы» балапанды көргенде: «Менің де кенет кеудемде, Сілкініп кетті бір бүркіт» деп, өз бойындағы жана өмірге деген сілкінісін байқатады. Сол лирикалық кейіпкер «Алғашқы алым» өлеңінде жұпыны, жүдеу өмірден оқу-білім алуға қалаға аттанады:

Аттандым ауыл –аналап

Оқуға кеттім қалаға.

Жабыла маған караған

Жалтандай кеттім далаға.

Жарбиған жаман тон-тұмақ.

Жабысын кеттім үстімде

Жанайын деген бір шырақ

Жалтылдап кетіп ішімде.

Ақын осы өлеңімен – ақ бейнелі сөзбен картина жасаудың шебері ретінде көрінеді. Дала біткеннің жабыла карауы, лирикалық кейіпкердің жалтандап аттануы. Ғали ақынның көркем бейне жасаудағы кадамдарын нақтылай, даралай түсті. Лирикалық кейіпкердің «жалтандауымен» біріншіден, ауылдан ұзап шықпаған жас балаға тән ұяндық, жасқаншақтық, екіншіден, бұрын-сонды көрмеген үлкен әрі бейтаныс қалаға бара жатқандағы қобалжуды, оның ішкі жан тебіренісін ақын шынайылықпен көркем жеткізе білді. Бала үстіндегі «жарбиған жаман тон-тұмағы» лирикалық кейіпкердің жұпыны жерден шыққан жүдеулігін танытса, оқу-білімге ұмтылған жас ішіндегі жалтылдаған от ұшқынның ақынның аңғаруы да орынды. «Қараймын да асығам...» өлеңінде сол лирикалық кейіпкер Алматыға жол тарталы:

Сағыныштай сарғайып,

Сары белден таң атты.

Сахарала шалқайып,

Сарғая бір жол жатты...- деп, атқан таң-жана өмір, жана заман таңы. Ал, «Сахарала шалқайып жатқан жол-оқу-білім жолы. Осы жол жөнінде академик С.Кирабаев: «Ғали кейіпкерінің осы жолы-тек ешкіөлмес бауырынан Алматыға аттанған болашақ ақын баланың жолы емес, жана, жарық дүние іздеген бүкіл қазақ жасының. Ғали ақын ұрпағының жолы еді» дейді. «Сахара» сөзінің өзінен екі түрлі ой қылаң береді. Ол біріншіден, құлазыған түз дала деген ойды аңарта, қараңғылықтағы ел тұрмысын меңзеткендей. Сары таймен тепендеп, жеті күндей жол жүрген Ғали ақынның лирикалық кейіпкері шаршауды білмейді. Ол қара жолдың ұшына қарап асыққанда: «қарсы алдыман келешек, қара үзбеді қол бұлғап!» деп, оқу-білім іздеп, болашаққа зор үмітпен ұмтыла қол созады. Оқу-білім іздеп қалаға келген осы лирикалық кейіпкермен «Кітап», «Тайжарыс», «Ұстаз», «Қуаныш», «Сенім» өлеңдерінде қайта кездесеміз. «Мойынға астым қашықты, салдым теріп кітапты», -деп, оқуға кіріскен ол кітаптан тапқан талшығының тандайына тым тәтті болып тигеніне, қуанады. «Тонқа түсер шын жүйрік, Тай күнінен танылар» деп, тай күнінен жарысқа түсіп (ақындар бәйгесіне), бағын сынайды. «Қуаныш», «Сенім» өлеңдері қой бағып, «Надандық топас, дүлей күштің» уысынан шығып, білімнің арқасында дүниенің әсем көркін көрген албырт жастың ризашылық сезіміне толы. «Өнерімнің сәулесін, Өреніңе шашайын» деп, ол өз білімімен болашақ ұрпаққа беруге әзір екенін аңартса, Абай атындағы педагогикалық институтты бітіріп келген соң біраз жыл мұғалім болып, балаларға дәріс бергенін білеміз.

Осы мысалдардың өзі-ақ алғашқы өлеңдерінен Ғали ақынның қаламына тән ерекшеліктерді айқындай түсті. Ол сыршыл лириканың шебері екенін әрбір өлеңінде нақтылай дәлелдей білді. Ғ.Орманов лирикасының ерекшелігі-аз сөзге көп мағына сыйғызу, жансызға жан бітіру (кейіптеу), жалт еткен көрініске ерекше назар аудару. Ақын өмір шындығын лирикалық кейіпкердің толғаныс-тебіреністері арқылы бейнелеп отырады. Оның жанды да нақты сурет жасаудың шебері екенін әдебиетші-ғалымдар өз зерттеулерінде дәлелдеп, айтып келеді.

Ірі байларды тәркілеу кезіндегі дәурені кетіп, мүләйімсіген, өтірік жуасыған байлар, олардың бүкіл байлықтан айрылып, маңдайын тасқа соғуы, жана заман азаматтарының өз ақысына қолы жетіп, оны иемденудегі оқиғалар «Қоңсы мен қожайын», «Конфиске», «Беттесу», «Абысындар аңыз» өлеңдерінде қызғылықты бейнеленген. Бұл тұстағы өлеңдерін ақын қысқа желісті диалогқа құралады. Ақынның диалогқа құрған бұл өлеңдері тартымды әрі қызғылықты оқылады. Лирикалық кейіпкер-жана заман азаматы. Ол ел ішіндегі әрбір игілікті жаңалықты қуана құттан, соған тілектестігін білдіріп

әйелдердің әңгімесі арқылы акын байлардың жауап қалған адамдарының аяуы әжуа етеді. «Қоны мен қожайында» малы конфискеге түсерін сезген бай келер келерінен қонақ етіп, оған жанашырлық танытқан сынаймен біраз малын соның атына жаздырып қоймақшы болады. Мұны естіген көрші қарт: «Балалардың өздері, Аламыз деп жүр еді» деп, балаларының бай көршісіне конфиске жасағалы жүргенін білдіреді. Акын:

Тас тигендей маңдайға,

Бай да сөзін қысқартты.

Қарай алмай манайға,

Өңі күл-қу сұр тартты... – деп, бай әрекетін, оның тығырыққа тірелген шерменде күйін, дәрменсіздігін суреттейді.

«Конфиске»- көлемі шағын, айтары көп өлең. Мұнда акын конфискеге түскен бай үйінің аянышты күйін шынайы бейнелеген. «Беттесу»- диалогқа құрылған, қысқа желісті өлең. Көп жылдар Сейдін бидің малын баққан керімқұл байлы өз қолымен конфискелейді, сөйтіп байдан шер болып, заман ұсынған тақырыпты жырлай отырып, Ғали да акындық шеберлігін жетілдіреді. Бұл тақырыптарға өлеңдер жазу саясаттың сойылын соғу көрінгенмен, өз дәуірінің шындығынан туған құбылыстар еді.

Қазақ әдебиетінің тарихында қалыптасқан дәстүрлі тақырыптың бірі-туған жер, туған ел тақырыбы. Ғали акын да бұл тақырыпты бар ілтипатпен, бар ыждаһ аптпен жырлайды. «Қора»-акынның туып-өскен жеріне арнап жазған алғашқы өлеңдерінің бірі. Бұл өлеңінде акын туған жердің табиғатын тамсана жырлайды. Қора өзенінің сұлу табиғатын жалаң суреттемей, оны сол жердің, елдің тұрмыс-тіршілігімен байланыстыра көрсету акынның ішкі тебіренісінен туады.

Тізілген омыртқалай ақ занғарлар:

Секілді көк тіреуі, бұлт астары.

Кигені-қар кебенек, мұздан жарғақ,

Сауығы-саудыраған күз-тастары.

Алыстап ансап, шөлден бұлттар келіп,

Көрісіп көл болады көз жастары...- деп, жансызға жан бітірген акын Қора өзенінің жанды да нақты суретін жасайды. Ол қораның өмір тіршілігін лирикалық кейіпкердің қуаныш-күйініші, ішкі толғанысы арқылы көрсете білген. Лирикалық кейіпкер қораның өткенін, кешегі тұрмысын еске алады. «Арсылдап ақ көбігін аспанға атқан »Қораға акын: «Осыған өз дәулетін бай теңесе, Теңейді өз ызасын қарсы қойған. Қораның кешегісін еске алып, күйзелген лирикалық кейіпкер оның бүтінмен қуанады»:

Ерінбей жер емшегін емген келей.

Қампып қарны қарны тояд нанын пайнап.

Қорадан тиер қайыр мол екен-ау.

Еңбекке, еңбекшіге тұрсаң ойлап! - деп, Қора халқының жаңа тұрмысын мақтан тұтады.

Өмірдің жарқын көріністерін қуана қабылдаған акын жылдың төрт мезгіліндегі табиғат сұлулығын, байлығын асқақ шабытпен жырға қосады. Жыл мезгілдеріндегі табиғат сұлулығын өмір тіршілігімен қоса суреттеу Ғали акын поэзиясына да тән. «Үйін-төгіп алдына, ұсынады барын ол» деп, жаз мезгілін жарлаған акынның «қырау қабақ кәрі қысы» Абайдың қысынан басқаша. Акын қыстың кәрі жылын баса айтады.

Қанша соқсын, долданарын,

Қырау қабақ кәрі қыс.

Күші қайтып аздап соң,

Қояды о да тым-тырыс. – деп келетін ой түйінінен жас акынға тән оптимистік рухты аңғару қиын емес.

Оның бір топ өлеңдері жылдың төрт мезгілін суреттеуге арналды. Ғали акынның қысы, көктемі, жазы, күзі Абайдың қысы мен жазынан бөлекше. Олардың әрқайсысы өз

дәуірінің тыныс-тіршілігін, әр мезгілдің қарбаласымен, өзіне тән сұлу көркімен жарқын суреттеуге жаңа бейнелер жасалды.

Әкеліп ақпан айы ақ көрпесін,

Айқара Алатаудың жапты өлкесін.

Оранған ақ торғында сұлу сынды,

Арулар жатыр ашын ашпақ төсін...- деп келетін қыс пен жаз келбетін «сыр шертіп твибай аққан өзен-бұлақ, Секілді күмбірлі күй көңілдегі» деп жеткізе жырлады. и ақын «Жаз, жаз деп жабылып тұр бәрі маған» деп жыл мезгілдерін өз қуанышымен жырға қосты. Жыл мезгілдеріне арналған өлеңдерінде ақын: «Ешкім кенде қалар ма несібеден, Сол далада көктемде еңбек еткен!» деп түйін жасайды. Ол жылдың төрт мезгілінің де бар қуанышын еңбектің негізінде деп, еңбек етуге үндейді.

«Қора», «Көктем нұры», «Жаз шырайы», «Қырау қабақ кәрі қыс» өлеңдеріндегі жаз жайлауындағы ауыл; боздаған жамырасқан, кісінескен төрт түлікті суреттеуі Абайдың («Жазғылұры»), «Қыс») табиғат лирикасын еске түсіреді. Бұл-қазақ поэзиясындағы Абай дәстүрінің жалғасы. Ғали да табиғатты сөзбен мүсіндеп, жанды бейнеге айналдырады. Ақынның табиғат лирикасында Ілияс (Жансүгіров) әсері барын да кезінде қаламдастары атап көрсеткен.

Отызыншы жылдардағы халық өміріндегі өзгеріс, жаналық Ғалидың «Жаңа қоныс», «Тұнық коллективі», «Шенбер», «Жаңа жұмыс іргесі», «Шамалған шамы», «Темір ат», «Мысқала», «Тоқушы», «Алынған арыс», «Үлбе», «Өріктің өрнегі» өлеңдерінде ашық танылады. Бұл өлеңдерде еңбекке үндеу мен отан мүддесін әрдайым жоғары қою басым көрсетіледі. Отызыншы жылдарды Ғали «Шенберді» жазумен бастады. «Шамалған шамы», «Шенбер» атты ұзақ желісті өлеңдері Түркістан-Сібір теміржолы салынып, қазақ жеріне алғаш пойыздың келуіне арналған. «Шамалған шамы» өлеңінде шамалған бекетіне келген алғашқы пойызды көрген елдің қуанышы арқау болған. Мұндағы лирикалық кейіпкер ел ішіне келген жаналықты қуана қостаудан арыға бара алмайды. Басқа ақындар сияқты Ғали да пойызды отарбаға теңейді.

Тіркеп тізген түйедей

Телеграф-тіл, көмей, - деп, телеграф бағандарын тізілген түйеге теңегені жөнінде әдебиетші-ғалым М.Базарбаев оны «бұрынғы қазақ өмірінің шенберінде жалаң түсінікпен келудіңсалдары» деп бағалаған. Ғалым жиырмасыншы-отызыншы жылдардағы қазақ поэзиясы осындай кемшіліктерді жоя отырып, жаңа ынта, жаңа леп, жаңа күшпен жырлауға бет бұрғанына да ерекше көңіл бөлген.

Ақын бұл өлеңде нақты дерекпен шектеліп қалған жоқ. Ол қазақ жерінде басталған индустрияландыруды, өркендеген өндірісті, жанарған табиғат пен жаңа еңбекті, жұмысшы табының қажымса еңбегін жырға қосты. «Шенбер» атты көлемді өлеңінде өзгерген өмір мен қазақ жеріне келген отарбаны қуана қарсы алған лирикалық кейіпкер біз де ел қатарына қосылдық деп өз ойын түйеді. Ол жыр үлгісіндегі дәстүрмен жазылған. Мұнда эпостық жырлардағы дамыту (градация) жақсы сақталған. Сондай-ақ, «Таң сәулесі жарасар...Қыз еріндей боялып» деген теңеулер эпостық жырлардағы әдемілікті қыздың бетіне, ерніне теңеуді еске салады. «Шенбер»өлеңі жөнінде әдебиетші ғалым Б.Ыбырайым: «Ғ.Ормановтың «Шенбері»-батырлар жырының рухында, халық ақындарының дәстүрінде ақынның жырларындағы бейнелілік, саздылық -ұлттық әдебиеттің көркемдік дәстүрлерінің жаңа дәуір талаптарына да жауап бере алатанынын, сол құнарлы ақындарымыздың шеберлікпен пайдалана білетіндігінің мысалы» дейді. Өлең қызғылықты, тартымды оқылады. Ақын дәстүрлі жыр үлгісін жаңа талапқа сай қолдануға тырысқан. Ол елге келген жаналықты жырлауда асқақ сезімге (романтика) жол берген. Осы тұрғыдан қарағанда, өлеңнің эстетикалық нәрі, көркемдігі жұтандау көрінеді. Ақын көлемді өлеңде жаналықты құптаумен, оны мадақтаумен, жаңа өмірге алғыс айтумен шектелген. Дегенмен, бұл туындылар өз заманының талабын орындағаны - шындық.

Алғашқы өлеңдерінен сыршылдыққа, суреткерліккеден қойған Ғали жырына отызыншы жылдар өз өзгерісін енгізді. Бұл жылдары ақын сезім мен сырдың көтеріңкі

көңіл-күйіне, лептікке қарай бет бұрды. Өмірдің өктем дамуынан туған романтикалық сарын «Шеңберде» анық сезіледі. Осы сарын акынның «Мысқала», «Үлбе», «Алынған арыс», «Ырыс арнасы», өлеңдерінде өз жалғасын тапқан. Табиғаттың дүлей күшін өз еркіне бағындырып, өз өктемдігін жасап жатқан жана заман бейнесі акын өлеңдерінде суреткерлікпен жаңа өрнек табады:

Зәулім үй, қыруар өз кабат-кабат  
Сықылды дүниесі тұрған қарап.  
Көтеріп өз қолынан алтын сарай,  
Танылым казактарды жүрген қалып...

Немесе,

Сол зауыт жеріміздің жүрегіндей,  
Жұмысшы отпен ойнап жүр ерінбей,  
Ағытса қызып жалын құяр толқын  
Ірбіттің тоқын жатқан жібегіндей! – деп, мынадай еңбекке

таңырқаған акын да:

Аққамын айлаһардай жүз бүктеліп,  
Өкеткен әлсіздерді талай іліп,

Адамның айланының аздығына-

Жатқанмын сілем құрып, сылқ-сылқ күліп, – деп тасынған асау.

Үлбе де:

Ауната сүйреп Арысты,

Аңсаған түзге шығардық.

Арна да толқын алысты,

Айнымай біз де шыдалық...

Жетелеп суды батыл қол,

Жіберді түзге өргізіп .

Бауырын төсеп жатыр ол.

Балаша жерді емізіп... – деп, не болмаса:

Қаратал алдын тоспа еттік,

Қайырын ескі арнадан.

Жетелеп суын әкеттік,

Жерлерге бұрын бармаған, – деп отырған ұжымшар тұрғыны да заман лебімен желпінген бейнелер. Акын осы өлеңдерінде жаңа қоғамның тегеурінді күшін патриоттық сезіммен жырлады. Осы сезім өмірдің нақты деректерімен, асқак сезіммен көркем бейнеге айналды.

«Алынған Арыс», «Үлбе», «Ырыс арнасы», «Мысқала» өлеңдерінде тың жерді игеріп, шөлейтке түзге су тартып, жерге еңбегіне акын төмендегідей түйін жасайды:

Андасак жердің көркі екен

Адамның ықылас еңбегі.

Ала алса соның еркі екен-

Береке, дәулет жердегі!

Байлық та бақыт та еңбекте деп түсінген акын еңбек адамын, оның еңбегін мақтап етеді. «Абысын сыры», «Тоқушы», «Өріктің орнегі» өлеңдері – өнеркәсіп орындарында мақта-мата тоқудың көзін тапқан казак қыздарының еңбектегі іскерлігін, жетістігін көрсететін туындылар.

Бұл жылдардағы акын поэзиясының тақырыбы да алуан түрлі. Оларды шартты түрде ана, туған жер, малшылар өмірі, жұмысшылар еңбегі, алғашқы бесжылдықтар табысы, өнер тақырыбы деп бөлуге болады. Акынның сүйіп жырлайтын тақырыбының бірі – ана. Ол бұл тақырыпқа «Ана толғауы», «Тәй-тәй» (ана жыры), «Тұңғышым», «Сак жүр» атты өлеңдер жазды. Бұл өлеңдерден ананың баласы дүниеге келгеннен азамат болып өскеніне дейінгі жолы танылады. «Ана толғауында» ананың балаға деген

махаббаты, бала тәрбиесі үшін үлкен жауапкершілігі суреттелсе, «Тұңғышым» өлеңінде тұңғыш баласының ер жетіп сайлауға тұңғыш дауыс бергенін мақтан тұтады. «Сак жүр» - әскерге аттанғалы тұрған бала мен анасының қоштасуын көрсететін өлең. Көмелетке толған жігіт әскерге аттанып, ел күзетінде тыныштықты, бейбітшілікті сақтамашы. Оның арманы – Отан шекарасында қырағы күзетші болу. Ана мен бала махаббатына арналған бұл өлеңдер ақындық сезімге толы. Ана үшін баласы – қашан да сәби. Ақын бұл өлеңдерінде ана мен бала арасындағы тәзімді көркем бейнелеуде адамның жан-дүниесіне терең үніле білді.

Ақынның бұл жылдардағы ел өміріндегі өзгерістерді жырлауы туған жердің жаңаруын бейнелеген өлеңдермен қорытылады. «Қазақстан өлеңі» - кезінде жанашырлығымен бағаланған, көпшілік қауымды тәтті еткен шығарма. Бұл өлең көңілде әдебиетшілер жақсы пікірлерін білдірген.

Ақын лирикасында өнер, соның ішінде сөз өнері көңілдегі тақырыптың да орны бөлек. Ақын сөз өнеріне, ақынға үлкен талап қоя біледі. Абай айтқан «іші – алтын, сырты күміс» өлең туғызуды көздейді. «Ақынға», «Өлең», «Ақындар ұстазы», «Сын туралы» өлеңдерінен сөз өнерінің, соның ішінде поэзияның өзіндік ерекшелігін танимыз. Ақын Абайды «Ақындардың ұстазы» деп таниды. Ол Абайды оқыған сайын жаңа дүниеге кезігетінін, оның таусылмас азық екенін жырлайды.

Бұл тұстағы ақын өлеңдерінде өмірде көргенін тізбелеу, натуралистік баяндау, жағалықты қызықтау сияқты шыындықты терең қамтымай, сыртқы көріністі бейнелеумен шектелу әдістері кездеседі. Үгіттік, үндеу сарындары ұшырасады. жиырмасыншы-отызыншы жылдары жаңа өмірдің ішкі сырын аңғармай, сыртқы жылтыраққа бой алдыру бүкіл одақтық әдебиеттің ауруы болғанын ескерсек, Ғали ақын да сол дәуірде болғанын түсінеміз.

Отызыншы жылдары ақын «Шәуілдір», «Алынған қамал» атты поэмалар жазды. «Шәуілдір» поэмасында Шәуілдірге барған сапарынан кейін, ондағы жанарған ауылдың тұрмыс-тіршілігін көрсетулі көздеген. Бұл поэма жөнінде академик С.Қирабаев: «Шәуілдірге» ...ауылдың жаңа адамдары мен олардың рухани өмірі көрінбейді. Ақын жанарған ауылының өткен және бүгінгі өмірін қарама-қарсы суреттеу арқылы жеткізуді көздейді. Бірақ, ол желісті, эпикалық поэманың дәрежесіне көтеріле алмай» деген болатын. Ақын көргенін тізуден, схематизмнен аспаған. Шәуілдірдің көшегісі мен бүгінгісін салыстырулы көздеген ақын оны ек баяндаумен ғана шектелген.

«Алынған қамал» қазақ әдебиетінде Солтүстік мұзды мұхитта суға кеткен «Челюскин» кемесіндегі челюскиншілердің ерлігін суреттейтін поэмаларға бәйге жарияланған тұста жазылды. Оқиға нақты суреттеуден гөрі болған оқиғаны газет, радио хабары негізінде тізбектеуге құрылды. Ақын Шмид, Уэлен, Людвиг, Кренкель, Доронин, Дмитров сынды кейіпкерлердің атын атаудан арыға бара алмады.

Ғали ақынның поэмадағы алғашқы ізденістері оның бұл жанрды толық игерсе қоймағанын көрсетті. Ол кейбір көркем суреттер жасаумен бірге, көргені мен естігенін тізе отырып, баяндаудан аспады. Схематизм мен баяндауға құрылған бұл туындылар жанр талабына сай еместігін байқағты.

Ғали ақындығының жаңа кезені қыркыншы жылдардан басталады. Ұлы Отан соғысы жылдарында халықты басқыншы жауға қарсы күрес рухында тәрбиелеуге, майдандағы халық батырларының ерлігін, тылдағы еңбек адамдарының ерлігін суреттеуге Ғали өзінің сыршыл лирикасымен үн қосты. Дәуірдің ауыр шыындығын суреттеуге кезең ақынды өз заманы мен оның ержүрек адамдары жайында сөз айтуға міндеттеді. Оның оптимистік рухта жазылған өлеңдері майдандағы жауынгер мен тылдағы еңбек адамының рухани биік сезімін өткір суреттеді. Отан тағдыры үшін адалдық таныту жеке адам мен қоғам мүддесінің бірілігін жырлау – оның осы тұста жазған өлеңдерінің («Қаһар», «Отан», «Отанға ант», «Отан алдында т.б.) идеялық нысанасы. «Отан» өлеңінің лирикалық кейіпкері:

Күл етсе азат басып, асау жанып.



Адамның тірлігі не, өлгені не?

Кеуденді қыса сығып осы намыс.

Қалайша ұмтылмассың сен жетуге! – деп түйеді ойын. Оны намыс пен кек билейді. Сондықтан лирикалық кейіпкер «Өзімді тосып жолына, үстіме жалын киейін» деп жауға аттанады.

Отан үшін жауға аттанып, қан майданда қаһармандық ерлігімен көзге түскен халық батырларының бейнесі «Батырдың «ұлғасб», «Ер арманы», «Мәлік», «Полковник», «Қаһарман», «Жорық жолы», «Солдат сыры» сынды өлеңдерде жақсы сомдалған. «Батырдың тұлғасы» мен «Полковник» өлеңдерінде қазақтың батыр ұлы Бауыржан Момышұлының ер тұлғасы мен мінез-кұлқы – жалпы жаратылысы толық және шынайы шеберлікпен бейнеленген. Ақын: «Батыр көрдім тұлғаңнан, Барлаған ел арманын» деп батыр тұлғасын мақтан ете отырып:

Қайырылып қайта-қайта қарай бердім,

Тұрғандай қазақ біткен... – дейді.

Ғалидың майдандағы жауынгерлердің анасына, жарына, туған жерге деген ыстық сезім, отты махаббатын нәзік сезіммен сыр шерте жеткізген лирикалық өлеңдері де мол («Ана», «Ана көркі», «Ана қуанышы», «Ана алдында», «Жар сыры», «Жауынгер хаты», «Қлындық хаты», «Тілек», «Сәуле», «Орамал», «Май»). «Қарт анамдай Алатау».

«Ана қуанышында» майдандағы баласынан хат алған ана қуанышы мен баланың анаға деген ыстық сезімі суреттеледі. «Ана алдында» өлеңіне майданда жүрген баласының анаға деген сағынышы, ана махаббаты арнау болған. Майданда жүрген лирикалық кейіпкер анасының тылдағы еңбегін мақтан тұтады.

Сұранып соғыс жолында,

Сайысып күндер өткіздім.

Қараңдап жүрдің соңымда,

Қажымай қару жеткіздің. – деп келетін тармақтар баласына қару-жарак жіберіп, оған сүйеніп, қорғаныш болған ана бейнесін биіктеге түседі.

Ғали ақын майдан мен тылдың бірлігін, тылдағы еңбектің де жауға соққы боп тиетінін тілге тиек етеді. «Жан сыры» өлеңінде майдандағы жауынгер қар жастанып, мұз төсеніп жүріп жауға танкімен шабуыл жасаса, оның тылдағы жары дамыл таппай трактор үстінде жұмыс істейді. Ал, «қалыңдық хаты» өлеңіндегі көмір өндіріп жүрген жас қыз майдандағы жігітіне:

Көмірімді біле гөр

Құралым деп ұсынған! – деп хат жолдайды.

«Тілек», «Орамал», «Сәуле» – махаббат тақырыбын жырлайтын өлеңдер. Ақын суреттеуіндегі «Орамал» - майдандағы жарына деген сағыныштың символы.

Сактай-сактай жүремің,

Төс қалтамнан шығармай,

Жүретіміде жүретің

Бірге соғып тұрғандай! – дейді оның лирикалық кейіпкері. Осы үш өлең өзара сабақтаc жазылған. Оның бірінде сүйген жарын майданға аттандырған, екіншісінде оған сағынышын орамалмен кестелетен, үшіншісінде төзімділікпен күткен жардың сезімі бар.

Бұл жылдары Ғали ақын өзінің үлкен талантты ақын екенін «Қарағай», «Емен», «Гүл» атты философиялық өлеңдерімен дәлелдей түсті. Ол өмір құбылыстарының сырына үңіліп, үлкен философиялық ой тую шеберлігін танытты. Ақын қарағай мен емен арқылы адам, халық, Отан тағдырын бейнелейді. Олардың идеясы – Отан, халық өлмейді, мәңгі жасайды, жау оғы жаралаған Отан қайта өркен жаяды дегенге саяды. «Қарағай» өлеңі:

Қабакка біткен қарағай

Қарасам көкке тірелген.

Жасаса мәңгі құламай

Тамырып терең жіберген...

Сұрапыл дауыл басылар,  
Өзелден аян әркімге.  
Мөлдіреп аспан ашылар,  
Қарағай көктер мәңгіге! - деп қорытса, «Емен» өлеңін:  
Жаудың оғы денесін,  
Жарып жарын тоқтапты.  
Емен қоймай кәдесін,  
Жазда тағы көк тартты! - деген қорытынды жасайды.

Қызыл гүлді жеңістің символы ретінде таниды.  
«Бұлбұл» мен «Бұлақ басында» атты лирикалық өлеңдерінде ғали акын өзінің сезімталдығын, байқағыштығын сұлу сурет, әдемі өрнекпен тартымды жеткізетіндігін байқатты. Көк шағынап сынғандай, төңіректі тітіркенге күркіреген майдандағы зеңбіректің дауысы бұлбұлға да маза бермегенін суреттей:

Толаста зеңбірек

Түзер бұлбұл дауысын, - деген жолдар арқылы адам ғана емес, тіршілік атаулының бәрі бейбітшілікті күткенін сездіреді. «Бұлақ басында» өлеңінде бұлақтың ағысын:

Сап күмістей сылдырап,  
Күліп аққан бұлағым...  
Толқындары көп тілімен  
Күліп аққан бұлағым.  
Кезек-кезек бетімнен  
Сүйіп кетіп жапқандай!... - деп, әсем өрнекпен жанды сурет жасайды.

Ғали Ормановтың Ұлы Отан соғысы кезіндегі поэзиясы оның лирикалық қысқа өлеңнің шебері екендігін танытты. Акын бұған дейінгі өлеңдеріндегі көпсөзділік, композицияның шұбалаңқылығы сияқты кемшіліктерінен біржола арылып, нақтылыққа, жинақтылыққа бет бұрды. Сөзді саралап, екілеп пайдалана отырып, айтпақ ойын қысқа өлеңмен - ақ толық және тартымды жеткізе алатындығына осы жылдардағы лирикасы күә.

Бұл жылдары акын «Сұлтан - дастан», «Халық - қаһарман» сияқты поэмалар да жазды. «Сұлтан - дастан» поэмасында Отан соғысындағы бөлімше командирі Сұлтаннның Қазақ басқыншыларынан Кавказды қорғау пайкасында ерлікпен қаза тапқан Байсұлтан Оразиевтің прототипі. Қарт полковник картаны ашып, Белая өзеннің қай тұсынан ұрыс салу керектігін түсіндіріп, таудың қым - қиғаш қатпарлы қиын жолына Сұлтан бастаған бөлімшені жібереді. Тау ішінде жауға тұтқиылдан тиген әскер жеңіске жетіп, тірі қалғандарын ұстап алып келеді. Осы пайкаста Сұлтанға оқ тиіп, ерлікпен қаза табады. Поэмада осы оқиға әсерсіз баяндаумен берілген. Батыр бейнесін, соғые шылдығын ашу шеберлігі аз.

«Халық - қаһарман» поэмасына Карпат тауындағы Дунайдың қиыр шығысындағы қала өміріне Гитлердің қол сұғуы арқау болған. Карпат тауын кесіп өтетін теміржолда неміс басқыншыларының пойызын Пауль мен Шаник бастаған партизан отряды тонап алады. Поэманың тілі жатық, алдындағы «Шәуілдір», «Алынған қамал», «Сұлтан - дастан» Шаниктен басқа кейіпкер поэмада аты аталып қана қала береді. Кейіпкер бейнесін ашатын деталь, штрих аз. Тіл көркемдігі болмаса, бұл жанрға тән өмір шылдығының жан-жақты қамтылуы, оқиға желісіндегі тұтастық, нақтылық, ықшамдылық жағы ақсап жатыр.

Акын поэманың өзіне тән әдіс-тәсілдерін толық және терең игермегендігін байқалды ма, қайтып бұл жанрға соқпады. Осы поэмаларынан кейін Ғали біржола қысқа өлеңге (лирикаға) ойысты.

«Берлин үстінде», «Күткен күн», «Биыл көктем», «Жеңіс» өлеңдерінде «Қаңға бөккен жейдесін, тастады әлем сыпырып» деп, Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанын жүрек - жарды қуанышпен жеткізген акын кейінгі шығармаларын да өз

А. Мұсаев Алғы сөз .....	3
<b>ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ТАРИХЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ЕЖЕЛГІ ДӘУІР ӘДЕБИЕТІ.</b> <b>ФОЛЬКЛОРДЫҢ ҚАЗІРГІ АСПЕКТІЛЕРІ.</b>	
Б. Омарұлы Асан Қайғы толғаулары: түркі халықтарына ортақ нұсқалар .....	4
Ж. Бейсенбайұлы Шоқан Зерттеген қазақ хандығы туралы ең құнды төлі жазба мұра .....	9
Н.К.Ахатова Сырым датұлы атымен байланысты шешендік сөздер .....	15
Ж. Асанов, Н. Қожабеков Сарышолоқтың тоқсұлумен айтысы – салт айтысының үздік үлгісі .....	20
Ғ.М.Ниязова, Д. Оспан М. Сералиннің өдеби-публицистикалық шығармаларының тақырыптық-жанрлық арналары .....	23
А. Тілеуова, С. Жұмабекова Қазақтың жыраулық, жыршылық мектептері .....	28
Б.Б.Алиев Ізденіс іздері .....	31
Ө.Ж.Ұлыпланова Фольклортану ғылымының оқытылу тарихынан .....	33
Г.К.Тәңірбергенова Жанқожа нұрмұхамедұлы: тарихи тұлға және көркем образ ..	38
Т. Қайбұлдаұлы Бекет ата туралы тарихи деректер .....	41
<b>ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ. ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНЫҢ ДАМУ БАҒДАРҒЫ.</b> <b>ҚАЗАҚ САТИРАСЫ МЕН ЮМОРЫНЫҢ ЖӘЙ-КҮЙІ.</b>	
А.Мұсаев, А.Сағымбекова Д.Досжаннның «Қымыз» өңгімесінің көркемдік, поэтикалық, стилдік құрылымы .....	45
Г.Ж.Орда Т.Мәмесейттің «Танжарық» романы туралы .....	48
Ж.Т.Қобланов К.Мәтмұратовтың «Бір үйде екі өмір» пьесасындағы кейіпкерлер ерекшелігі .....	55
Ө.Д.Қабылов Толғауы тоқсан ирония .....	57
М.Р.Балтымова Қажығали Мұханбетқалиұлының «Тар кезең» тарихи романындағы мақал-мәтелдердің қолданылу аясы .....	65
Ө.Д.Қабылов Т.Нұрмағанбетов өңгімелеріндегі бүтінгі заман бейнесі .....	69
А.Ахметова Әлібек байбол өңгімелері туралы .....	73
М.Ж.Хасанова Қазіргі қазақ романдарындағы әйелдер бейнесі (жазушы қуаныш Жиенбайдың «Даңқ түрмесінің тұтқыны») романы желісі негізінде) ...	76
<b>ӘДЕБИ БАҒЫТТЫҢ ТЕОРИЯСЫ. ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ЕЛІ БІЛЕУШІЛЕР ОБРАЗЫ.</b> <b>ЛИРИКАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРДЫ ОҚЫТУ МӘСЕЛЕСІ.</b>	
А.Ш.Пангереев Хикая жанры: зерттелу, жиналу, жүйелену мәселелері ....	80
М.Б.Сабыр Ақ шағала - өлең, жыр немесе теңізді аңсаған ақ шағала (ақұштап бақтылгереваның шығармашылығы туралы сыр) .....	87
Ж.Т. Қобланов Т. Аллاناзаровтың «Айдос баба» пьесасы .....	89
И.И.Өтеген Қазақ қоғамындағы дәстүрлі құқық билер инстиуты хақында .....	92
З.Мүтінгі Өлмес, Өшпес Ерлік лирикасы (Абдолла Жұмағалиев ақындығының бір қыры) .....	97
Ш.С. Өбішева Көркемдік кілт - шеберлік .....	102
А.Мамыров Қайрат Жұмағалиев өлеңдеріндегі ұлттық болмыс .....	105
Б.Х.Құрмашева, А.Д. Алдонғарова Мағжан: «Бұйырса, шырақ сөнбес, ұзақ жанар ...» ..	109
Л.Т.Балғазиева, Ш.А.Шумақова Ақын және поэзиядағы домбыра бейнесі .....	113
Б.Нұрмұхамедов Кенесары хан тұлғасының проза тұрғысынан жаңаша сомдалатын тың тұстары .....	115
Г. Ж. Наменова Өтежан нұрғалиев лирикасының жанрлық қырлары .....	117
Б.Нұрмұхамедов Кенесары - дала реформаторы .....	121
Б. Бегімұлы Қаламгерлердің кенесары хан көркем бейнесін жасаудағы ұқсастықтары мен айырмашылықтары .....	123
Ұ.Б.Насиева Поэзияны оқыту - оқушының ұшқыр қиялын дамыту .....	125
А.С.Қадырова Лирикалық шығармаларды оқытуда оқушыларды өдеби талдауға жетелеудің маңызы .....	130
<b>АЙМАҚТЫҚ ӘДЕБИЕТТАНУ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МҰРА МӘСЕЛЕЛЕРІ.</b> <b>ӘЛЕМ ӘДЕБИЕТІ АЯСЫНДА ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ АЛАТЫН ОРНЫ.</b>	
А.Мұсаев АЙСА БАЙТАБЫНОВ – ЭПИК ЖЫРШЫ .....	135
Ғ.М.Ниязова Ұлт жанашыры, ағартушы – ҰСТАЗ .....	142
Е.Құрманбек ҚАЗАҚТЫҢ ӘНШІЛІК ДӘСТҮРІ ЖӘНЕ МОЛДАБАЙ ФЕНОМЕНІ .....	146

отанының биік тұлғасын танытуға, оның адамдарының әр салалары табыстарын жырлауға арнады. Ол халық шаруашылығын қалпына келтіру мен өркендету дәуірінің наққалды тақырыптарына үн қосты. Шаруашылықтың әр саласындағы адам еңбегін мадақтады. Мысалы, «Егін - тасқын», «Ырыс - тасқын», «Астық аңыз», «Ырыс», «Қыр жомарт», «Алтын арна» өлеңдерінде қырымды мол астыққа толтырған диханшылар еңбегін:

Адамның ауыр терін жерге тамған,

Астық тұр-жауызына құйып алған.

Сықырлап сабақтары майысалды.

Сықырды көтере алмай белі талған, – деген тақырып тармақтарда бейнелейді. Байлықты ол адам терімен өлшейді.

Ғали жырларының үлкен бір саласы – табиғат туралы өлеңдер. Жоңғар Алатауының әсем өңірінде дүниеге келген акын «Қорда», «Менің ұям» өлеңдерінде сол өлкенің әсем суретін жасалды. «Қорда» өлеңінде:

Қарағай, қайың өрілген

Сүйсіне көрем көркінді.

Шапағы самсап төгілген

Құздарың кілем секілді. – десе, «Менің ұямда»:

Арқасы бұлтқа аралас

Асылбай – асқар, зәулім құз.

Төгілге киген тоны ағаш

Төбесі сіреу, қарлы мұз – деп табиғат суреттерін көркем бейнелеп көз алдымызға алып келді. Ол ұсақ детальға дейін суретке айналдыруға шебер. Акынның аралап көрген Баян, Қарқаралы, Көкшетау, Өскемен, Қереку өлкесінің де көркі көзқартарлық.

«Еңсесі биік Алатау», «Менің қалам», «Жер сыйы», «Мелдеу даңқы», «Қысқы жа», «Қыс құшағы» атты туған жер тақырыбындағы өлеңдерінің біразын Алматы мен Алатаудың әсем табиғатына арнады. «Алматы дастаны» осы өлеңдердің түйіні тәрізді. Қазақстанның байтақ даласын, кен өлкесін акын «Туған жер! Сонша сааған сүйінемін, Секілді саяң ылғи үйім менің» деп, өз отбасына балайды. Оның түйсігінде Отан – Ана, Жер – Ана, бірін – бірі толықтырып, бірінен – бірі өрбіп отыратын ұғымдар екенін «Жер жүрегі» өлеңінде нақтылай түсті.

Талай акынның қаламына арқау болған сұлу Көкшетаудың әсем табиғатына да акын «Жер шебері», «Жыр», «Қыр гүлдері», «Жана жұрт », «Шағалалы бойында », «Бурабай», «Айна кел», «Оқжетпес» өлеңдерін арнады. Акын бұл өлеңдерінде Көкшетенің сұлу табиғатын ондағы елдің тұрмыс – тіршілігімен қоса суреттеді. Жер белерін қилы суретке толтырған елдің ұл – қыздарының еңбегін мақтан етеді. «Жыр» өлеңінде Зерендінің сұлу табиғатын:

Орман бір сілкінгенде самал есін,

Қозғалып кетті кенет көл доңбекшіп.

Ақ қайың қыланытқан жағалауды

Алқына сүйген демін тұрдым естіп, – деп, оның жанды суретін жасалды. Мұндай теңеулер акынның эстетикалық талғамының жоғары екендігін көрсетері анық.

Жерімнің жиһаз жүгіндей,

Жараса біткен тауларым.

Сазы бай, сұлу үніндей,

Сезілдер орман, бауларым. – деп жырлаған Ғали акын өзі өскен өлкені сүйіп, оны жырға қосты. Ол:

Көк орман, кеудесі – түз, қырка, адырлар,

Төсінде Байқал, Балқаш, Каспий, Арал.

Арнасын алыс тартқан өзендер көп,

Олардың әрқайсысы өзіндік ерекшеліктерімен сараланады. Болмыс-бейнесін, оның бойындағы табиғи ерекшелігін, моральдық-этикалық сапасын аша түсетін тәсілдер монолог, диалог, портрет болса, Ғали әңгімелерінде бұл тәсілді тиімді, орынды пайдаланғанын аңғардық. Әңгімелерге арқау болған оқиғалар да, олардың кейіпкерлері де өмірдің қанаған ортасынан алынып, көркем туындыда шынайы көрініс тапқан. Әлеуметтік шындықты көркем шындыққа айналдыруда жазушыға ең қажетті тәсілдің бірі — суреткерлік болса, автор қозғалыс, қажығыс, даму, тартыс үетіндегі бейнені суреттеуге шебер-ак. Олай болса, Ғали акын лирика жанрындағы кейіпкерінің бейнесін әңгіме жанрында да толық көрсете білді. Ол жоғарыдағы шығармалары арқылы әңгіме жанрын жақсы игеріп қалғанын дәлелдей түсті.

Ғали Орманов — қазақ поэзиясындағы өзіндік айтары, өзіндік үні бар акын. Ол өз жаңалығымен келді. Алғашқы өлеңдерінен («Алғашқы адым», «Қараймын да асығам») бастап қысқа желісті лирик акын ретінде қалыптасты. Ол «Жарбыған жаман тон-тұмақ» киіп, қалаға келгенінен («Оң сапар»), «Келсем-ақ болды қалпақты, қоямын іліп Талғарға» деп Алматының Достық даңғылындағы көп қабатты үйлерде отырғанына дейін көз алдымызда.

Жаңа дәуірмен келген Ғали акын лирикасында оптимистік рух басым. Ол — өз заманының жыршысы. Заманының іргелі, көкейкесті мәселелеріне дер кезінде үн қосып отырды.

Ғали лирикасының тақырыбы алуан түрлі. Олар Адам мен Заман, Отан — Ана, Жер — Ана, табиғат көрінісі, еңбектегі адам ерлігі, халықтар достығы, бейбітшілік, ұстаз бен шәкірт қатынасы, халықаралық оқиғалар.

Тілі өте қарапайым. Ғали лирикасының мазмұны ғана емес түрлі (форма) де қарапайым. Ол көбіне 7 — 8 буынды егіз және шалыс ұйқас, 11 буынды кара өлең үлгісінде жазалды.

Ғали акынның өзіне тән бір қасиет — бейнелі сойлеп, жанды сурет жасауға шебер. Ол айтпақ ойын суретпен, бейнемен береді.

Аз сөзге көп мағына сыйғызуда Ғали акынға тән.

Қазақ поэзиясының дәстүрлі арнасына түсіп, өзіне ұстаз тұтқан Абайдың көркемдік кестесін, біиястың сөз құлдыретін алды.

Орыстың, шығыстың поэзия, прозасын аударуда қазақ әдебиетінің аударма саласына біршама үлес қосты. Ол өзін талантты аудармашы ретінде де танытты.

Өмірдегі елеусіз жайттардан үлкен ой түйе білетін дарын екеніне «Емен», «Қарағай», «Гүл» атты философиялық өлеңдері куә.

Акын өзі араласып, көзімен көріп, қолымен ұстағанын ғана жазуға тырысты. Отан диханшылар, малшылар өміріне арналған өлеңдері мысал бола алады.

Қазақ әдебиетінде жарты ғасыр тынымсыз еңбек еткен Ғали Орманов қазақ поэзиясын биікке көтеріп, оған мол қазына қосты. Ол — жаңа мазмұнмен байыған кеңес дәуіріндегі ұлттық әдебиетіміздің көрнекті акыны.

## ҒАЛИ ОРМАНОВТЫҢ АҚЫНДЫҚ ШЕБЕРЛІГІ

### Б. Ыбырайым

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ.*

Қазақ лирикасының тарихында тек өзіне ғана тән мәнерімен танылған, соған сәйкес өзіне лайық орын алған санаулы шеберлердің бірі — көрнекті акын Ғали Орманов. Ақжөң әдебиетке араласқан жиырмасыншы-отызыншы жылдардың халық тарихында қандай зобаландарға толы болғаны тарихтан белгілі. Алғашында езілген таптың мұн-мүддесін қорғауды мақсат еткен идеология өткен сайын көпе-көрінеу бұрмаланып, жеке басқа табынушылықтың ұзақ жылдарға ұласқан зұлматына ұласты. Тарихи-әлеуметтік

## МАЗМҮНІ

Г.Ж. Орда ҒАЛИ ОРМАНОВ МУЗАСЫ.....	5
<b>Б. Ыбырайым</b> ҒАЛИ ОРМАНОВТЫҢ АҚЫНДЫҚ ШЕБЕРЛІГІ.....	20
<b>С.К. Қозыбаев, А. Кұрманбаева</b> ҒАЛИ ОРМАНОВ ПРОЗАСЫНДАҒЫ ЛИРИЗМ.....	25
<b>Т.С. Сылықов</b> ЖЕТІСУДЫҢ ОНЫНШЫ ӨЗЕНІ.....	28
<b>Е.С. Қасенов</b> Ғ.ОРМАНОВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ.....	36
<b>Ә.А. Құранбек</b> ШЫҒЫС ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫАДАМ БОЛМЫСЫНЫҢ РУХАНИ ҮНДЕСТІГІ.....	40
<b>М.М. Имангазинов, М.А. Маукбаева</b> ҒАЛИ ОРМАНОВ ЖӘНЕ ЖЕТІСУ ТАБИҒАТЫ МЕН ТАҒДЫР ТАЛАЙЫ.....	42
<b>Д.С. Ансабаев</b> ҒАЛИ ОРМАНОВ ЛИРИКАСЫНЫҢ КӨРКЕМДІК КӨКЖИЕГІ.....	46
<b>Қ.Қ. Рысбеков</b> ҰЛТТЫҚ ПОЭЗИЯ ҰЛГІ ДАНАЛЫҒЫ МЕН ДАРАЛЫҒЫНЫҢ НЕГІЗІ.....	51
<b>А.К. Абильмажинова</b> Ғ. ОРМАНОВ ӨЛЕНДЕРІНДЕГІ «БАЙ» МЕН «КЕДЕЙ» ТАҚЫРЫБЫ.....	53
<b>Қ.Б. Сарбасова</b> ӨМІРІ ӨЛЕНДІДЕ ӨРІЛГЕН АҚЫН.....	55
<b>Ә.Е. Тұрысбекова</b> ҒАЛИ ОРМАНОВ ЛИРИКАСЫ.....	59
<b>А. Хаханқызы</b> ҒАЛИ ОРМАНОВ — ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ХАС ШЕБЕРІ.....	62
<b>Э.Н. Саурамбаева</b> ҒАЛИ ОРМАНОВ-ӨЗ ЗАМАНЫН БЕЙНЕЛЕЙ БІЛГЕН ДАРЫН.....	64
<b>Ш. Оңашбай</b> Ғ.ОРМАНОВ ПЕН Е.ЖАҚЫПБЕК ӨЛЕНДЕРІНДЕГІ РУХАНИ ҮНДЕСТІК.....	68
<b>Ж. Бекболатұлы</b> ҒАЛИ ОРМАНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ДӘУІР ШЫНДЫҒЫ.....	71